

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық
комиссиясының қазақстандық бөлігі туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 952 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 169 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:

1) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссиясы
қазақстандық бөлігінің құрамы;

2) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның
қазақстандық бөлігі туралы ереже.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Әскери-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық
комиссиясының ұлттық бөлігін жасақтау туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы 17 қазандағы N 1541 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 қазандағы N 1541
қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002
жылғы 29 желтоқсандағы N 1437 қаулысы ;

3) "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс
өнеркәсібі комитетін тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003
жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 2-
тармағы.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 8 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 5 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық
комиссиясы қазақстандық бөлігінің
Құрамы**

Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Иван Михайлович сауда бірінші вице-министрі, тең төраға
Бөлегенов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Ерғали Бөлегенұлы министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы істері департаментінің
директоры, жауапты хатшы

Поспелов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Николай Николаевич министрінің орынбасары, тең төрағаның
орынбасары

Коржова - Қазақстан Республикасының Экономика
Наталья Артемовна және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

**Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.14. N 642 ,
2005.06.22. N 614 қаулыларымен .**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғы 1 8 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 5 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық
комиссияның қазақстандық бөлігі туралы
Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның
(бұдан әрі - Комиссия) қазақстандық бөлігі Комиссияда қазақстандық Тарапты
білдіретін консультативтік-кеңесу органы болып табылады.

2. Комиссияның қазақстандық бөлігі өз қызметін Қазақстан
Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының заңдарын,
Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдерін, өзге де

нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Комиссияның қазақстандық бөлігінің негізгі міндеттері

3. Комиссияның қазақстандық бөлігінің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен және Комиссияның ұлттық бөліктерімен бірлесіп, қару-жарақ пен әскери техниканы жасау, өндіру, жөндеу, жаңғырту және пайдалану саласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) шеңберінде көп жақты және екі жақты әскери-экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөнінде ұсыныстарды қарау және әзірлеу; Комиссияның қарауына ұсыну үшін тиісті ұсыныстарды дайындау ;

2) Комиссияның шешімдері мен ұсынымдарын орындау жөнінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

3. Комиссияның негізгі функциялары

4. Комиссияның қазақстандық бөлігінің негізгі функциялары:

1) мемлекеттік органдардың және Комиссияның ұлттық бөліктерінің ұсыныстарын қарау, ұсынымдар әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау үшін Қазақстан Республикасының ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен мына мәселелер бойынша көп жақты және екі жақты әскери-экономикалық ынтымақтастығын сипаттайтын материалдарды дайындауды ұйымдастыру :

әскери-экономикалық ынтымақтастық мәселелерін реттеу саласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің нормативтік-құқықтық базасын жақындастыру ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеу, өндіру, жаңарту және жөндеу саласындағы басты бағыттарды айқындау;

қорғаныс өнеркәсібі саласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикалық және ғылыми-техникалық саясатын келісу;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әскери-техникалық мүліктері, жинақтауыш бұйымдарды, шикізаттарды, материалдарды кооперацияланған өндіру;

қару-жарақ пен әскери техника, жинақтауыш бұйымдар мен қосалқы бөлшектер өндірісін мамандандыру және кооперациялау;

қару-жарақ пен әскери техниканы, сондай-ақ олардың өндірісіне арналған технологиялық жабдықтарды стандарттау және біріздендіру;

қару-жарақ пен әскери техника саласында ғылыми-зерттеу және

тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды бірлесіп өткізу жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау ;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен әскери техниканың жекеленген бұйымдарын бірлесіп өндіруді жоспарлау және ұйымдастыру; жұмылдыру қуатын сақтау және дамыту жөніндегі іс-шараларды жүргізу; әскери мақсаттағы өнімдер өндірісі саласындағы жетістіктерді жалпы мақсаттағы өнімдер өндірісінде қолдану;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қорғаныс министрліктерінің арасында қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізгені және жөндегені үшін өзара есеп айрысу мен даулы мәселелерді реттеу жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

2) қорғаныс өнеркәсібі саласында әскери-экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) өз жұмысының ұйымдық және рәсімдік мәселелері бойынша шешімдер қабылдау ;

4) өз құзыреті шегінде екі жақты және көп жақты келісімдердің, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қорғаныс өнеркәсібі саласындағы экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығы бойынша басқа да нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау және іске асыру;

5) Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, сондай-ақ әскери-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі міндеттерін шешуге қатысатын ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің атқарушы билік органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

4. Комиссияның қазақстандық бөлігінің қызметін қамтамасыз ету

5. Өзінің негізгі функцияларын орындау үшін Комиссияның қазақстандық бөлігі Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдары өкілдерінен әскери-экономикалық ынтымақтастық саласындағы нақты мәселелер мен жобаларды пысықтау үшін тұрақты немесе уақытша негізде жұмыс топтарын құруға және олардың қызмет тәртібін айқындауға құқығы бар.

6. Комиссияның қазақстандық бөлігі тең төраға, тең төрағаның орынбасары, жауапты хатшы, оның мүшелері құрамында құралады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

7. Комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы:

1) Комиссияның қазақстандық бөлігінің жұмысын үйлестіреді;

2) бірлескен жобаларды іске асыруға ықпал жасайды;

3) Комиссияның кезекті отырысы алдында халықаралық әскери-экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындау, күн

тәртібі мен хаттама жобаларын келісу мақсатында Комиссияның қазақстандық бөлігінің мәжілісін өткізеді;

4) Комиссия мәжілісінің қорытындылары туралы есеп беру ақпаратын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

5) ағымдағы жылғы желтоқсанда Комиссияның қызметі туралы есеп беру ақпаратын және оның қызметін жандандыру жөніндегі ұсынысты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне береді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 614 қаулыларымен .

8. Комиссияның қазақстандық бөлігінің және оның жұмыс топтарының қызметін ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз етуді Комиссияның қазақстандық бөлігінің жауапты хатшысы жүзеге асырады.

9. Комиссияның қазақстандық бөлігінің жұмысы оның тең төрағасы бекітетін жоспарлар бойынша жүзеге асырылады.

10. Жұмыс жоспарына оларды дайындау мен қараудың тәртібі және мерзімдері, материалдарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынудың мерзімдері көрсетіле отырып, Комиссияның қазақстандық бөлігінің қарауына жататын мәселелер енгізіледі.

11. Комиссияның қазақстандық бөлігінің мәжілістерін оның тең төрағасы, ал ол жоқ болған жағдайда тең төрағаның тапсыруы бойынша оның мүшелерінің бірі жүргізеді. Комиссияның қазақстандық бөлігінің шешімдері ашық дауысқа салумен қабылданады және егер олар үшін Комиссияның қазақстандық бөлігі мүшелерінің жалпы санының басым бөлігі дауыс берсе, қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда тең төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

Комиссияның қазақстандық бөлігі мәжілісінің өткізілуі нәтижесі бойынша мәжіліске қатысқан оның мүшелері қол қоятын хаттама жасалады және оны тең төраға бекітеді.